

ӘОЖ 631.5.52 12:631.559

Тауенов И.А., ауылшаруашылық ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор
Байжанова Б.Қ., ауылшаруашылық ғылымдарының кандидаты
Нұрғалиев Н.Ш., PhD
Исин Д.Т., магистрант
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда қ.,
Қазақстан Республикасы

АРАЛ Өңірінде күріштің ресейлік лидер және янтарь сорттарының тұқым шаруашылығының ерекшеліктері

Аннотация

Күріш ежелден бері ағзадағы шлактарды кетіріп, артық салмақтан арылуға көмектесетін әмбебап тағам ретінде қолданылады. Бұрындары Азия елдерінде үлкен сұранысқа ие болған күріш енді Ресейде де үлкен танымалдыққа ие.

Күріш (*Oryza*) – астық тұқымдасына жататын бір немесе көпжылдық өсімдік. Біздің заманымыздан бұрынғы 2000-3000 жылдары-ақ күріш қолмен егіле бастапты.

Қазақстанның Сыр бойына күріш өсіру кәсібінің ерте кезден-ақ келгені Ұлы Жібек жолымен тығыз байланысты. Ол уақытта қазақ даласындағы ең ірі сауда және мәдениет орталығы — Отырар қаласы болып, Ұлы Жібек жолы сол жерді басып өткен еді.

Жалпы, Қазақстанда аса маңызды азық-түліктік дақыл болып есептелетін екпе күріш (*O.sativa*) өсірілетін аймақ: Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Алматы облыстарындағы Сырдария, Іле, Қаратал өзендерінің атырабы. Қазақ жеріндегі күріштің сипаттамасы: биіктігі 60-150 сантиметр, бір жылдық, шашақты тамыры 70-80 сантиметрге дейін кетеді, онда ауа жинап өткізуші ұлпалар — аэренхима дамиды, сабағының жоғарғы буыны аралығының іші қуыс, төменгі буын аралығының ішінде паренхималық ұлпалар бар. Жылуды, суды көп қажет ететін біздегі екпе күріштердің сортына сәйкес вегетациялық кезеңі 90-130 күн.

2020 жылға қарай Қызылорда облысында егілетін күріш көлемінің 50%-ын өзіміздің Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми зерттеу институтының тұқымдарымен егілетін болады. Қазір көбіне «Лидер», «Янтарь», «Титанға» көңіл бөліп жатыр. Олардың барлығы Ресейдің сорттары.

Түйін сөздер: күріш (*Oryza*), «Лидер», «Янтарь», «Титанға», «Новатор», «Фишт», «Анаит», «Диамонд». «Ураж», «Бальдо», «Османчик», «Виктория», «Истиклол».

Кіріспе. Республикамызда өсірілетін күріштің 80% Қызылорда облысында өсіріледі. Қызылорда облыстық биоресурстардың экологиясы және статистикалық басқару комитетінің деректері бойынша антропогендік факторлардың әсерінен топырақтың құнарлылығы төмендеген. Ы. Жахаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты (Қызылорда қаласы) мамандарының нақты мәліметі бойынша күріш өсіретін 22,3 мың га жердің (жалпы күріш өсіретін алқаптың 29,6%) тұзданып сортаңдануына байланысты соңғы жылдары күріш өнімділігі (50 ц.-ден 35-48 ц. дейін) мен сапасы (жарма шығымдылығы 65%-дан 45-50% дейін) күрт төмендеген. Сондықтан күріш егіншілігіндегі жергілікті топырақтыклиматтық жағдайға бейімделген, тұздануға төзімді және мол өнім беретін отандық күріш сорттарын шығару өзекті мәселелердің бірі болып саналады [1,2].

Күріштің құрғақ жерде өсуі тіршілік нәрін үнемдеуден бөлек, селекциялық зерттеулерге де қолайлы болып тұр. Әдетте институттың ғылыми қызметкерлері шыжыған шілдеде тізеден су кешіп жүріп, будандастыру жолымен жоғары сұрып алу жолында тер төгетін. Енді топырағы сортаң келетін Сыр өңірінде тамшылатып суару арқылы ақ күрішті көктетуге болатыны дәлелденді.

Ресей Қазақстанға күріш экспортын жыл сайын арттырып отырған көрінеді. Былтыр тек Краснодар өлкесінде ғана бір миллион тонна күріш жиналған. Ал өзімізде күріш жеткілікті

өндірілгенімен, шығыс өңірде Ресей күрішіне сұраныс жоғары. Облыс дихандары бірнеше жыл қатарынан күріштен 420 мың тоннаның үстінде өнім жинап келеді. Тиісінше, экспорт көлемі артып отыр. Былтыр шамамен 50 мың тоннадай күріш сыртқа сатылған. Тәжікстан, Қырғызстан, Моңғолия, Әзербайжан мен Ресейдің кей аймақтарына жіберілген. Жылда қырық мың тоннаның үстінде бізге импорт кіреді, Россияның өзінен ғана. Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстандар - барлығы осы Россияның күрішін қолданады. Біздің дробленканы көбіне иттің тамағын жасауға және шоколад жасайтын, күріштің ұнын жасайтын мекемелер алады. Нестле компаниясымен біздің келісімшартымыз бар. Ал бізде Ресей күрішіне сұраныс жоғары. Өткен жылы экспортты 40 мың тоннадан арттырыпты. Қазақстанға Ресейден бөлек, Вьетнам, Үндістан елдерінен де ақ жарма импортталады. Ауыл шаруашылықтары итальяндық ғалымдардан кеңес алып, күріш сапасын арттырып отыр. Өйткені ортақ ережеге сай экспортталатын өнім жоғары сұрыпты болуы тиіс [3].

Күрішті Ресей, Тәжікстан, Өзбекстан, Ауғанстан елдеріне жіберіледі. Дәл солай бізге де импортталады. Күріш бойынша қиындық туындамайды, кез келген уақытта «Абзал и К» серіктестігі экспортқа жіберуге әзір. Біздің күріш бағасы жағынан да ең арзаны. Ал қазақстандық ғалымдар өнімділігі гектарына 90 центнерге жетеді деген сорттарды көктемгі егіс кезінде шаруаларға ұсынғалы отыр. Ол кезде отандық күріштің сапасы артып, сұраныс көбеймек. Сондықтан экспорт көлемі де көбейеді деген сенім бар.

Әдістер, зерттеу нәтижелері. Қазіргі уақытта күріш алқаптары 700 млн. тонна өнім беретін 147 млн. га алқапта әлемнің 112 елінде өсіріледі. Қазақстан жер шарында күріш өсіретін солтүстік ендікте орналасқан мемлекет. Күріш Қазақстанда 90 мың га жерде өсіріледі, ол үш –Алматы, Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстарында шоғырланған.

Ауқымды нарықтың бәсекесінен Сыр дихандары да қалыс қалмай келе жатыр. Олар ақ маржанның өнімділігі мен сапасын арттыру үшін ғылыми ізденіс пен жаңа технологияға иек артуда. Осы мақсатпен Қызылорда өңірінің шаруалары Ресейдің Краснодар өлкесінде болып, егінді бітік шығарудың қыр-сырына қанықты. Краснодар мен Қызылорданың ұқсас тұстары көп. Екі өңірдің де географиялық орналасуы оңтүстік аймақ болып табылады. Мұнда да Сыр өңіріндегідей негізгі дақылдың бірі – күріш. Тек табиғаты өзгеше. Жауын мол түседі, ауасы ылғалды. Климаты жерге түскен дәннің тез жетілуіне өте қолайлы. Әсіресе кемінде 90 күн суда тұрып пісетін күріш үшін. Өлкеде жыл сайын шамамен 125 мың гектар жерге күріш егіледі. Әр гектардан 74 центнерге дейін өнім жиналады. Ал бұл көрсеткіш Қызылорда облысында 45 центнердің төңірегінде. Өйткені аймақтың сортаң топырағы мен құрғақ ауарайына күріш сорттары төзе алмайды [4].

Әр сорттың өз ерекшелігі бар. Оны егудің әдісі, агротехникасы болады. Бірақ көп шаруашылықтар 1 сортты егіп үйренгеннен кейін, басқа сортты жерсіндіруге оңайлықпен мойын бұрмайды. Егер өнімді молырақ алғысы келсе, ғалымдармен тығыз байланыста жұмыс жасауы маңызды. Біздің өлкенің шаруалары сорт жаңартуды жақсы жолға қойған. Соңғы жылдары 1,2-суреттерде көрсетілген



Сурет 1 - Күріш сорты – Янтарь

Сыр өңірінде Ресей ғалымдары шығарған «Янтарь», «Лидер», «Новатор» сорттары егілуде. Енді тауарлық кескіні жақсы, дәні толық болып келетін, тұзды топыраққа төзімді

«Анаит», «Диамонд». «Ураж» сорттарын жерсіндіруді қызылордалық диқандар қолға алған. Сондай-ақ егіс алқабын тегістеу технологиясын да ресейлік әріптестерінен үйренуде.



Сурет 2 - Күріш сорты – Лидер

Егін орағының сорттар бойынша орташа өнімі туралы мәлімет («Абзал и К» толық серіктестігі мен «Мағжан и К» ЖШС мәліметтері бойынша, 2018 жыл) 1 кестеде көрсетілген.

1 кесте - Егін орағының сорттар бойынша орташа өнімі туралы мәлімет («Абзал и К» толық серіктестігі мен «Мағжан и К» ЖШС мәліметтері бойынша, 2018 жыл)

Реті	Бекітілген көлем/га	Янтарь сорты			Лидер сорты		
		Көлем, га	Түскен астық, цн	Орта өнім, цн/га	Көлем, га	Түскен астық, цн	Орта өнім, цн/га
1	565	333,7	18952,2	56,8	103,3	6418	62,1
2	473	286	13421	46,9			
3	525	412,5	21449,7	52,0			
4	436	436	25922,5	59,5			
5	442	442	24150,1	54,6			
6	366	366	18340,4	50,1			
7	450	450	28221,5	62,7			
8	540	432	26245,2	60,8	108	5689,2	52,7
9	271	178	9609,5	54,0	93	4858,2	52,2
10	257	98	4775,4	48,7	159	7573,80	47,6
Барлығы	4325	3434,2	191087,5	55,6	463,3	24539,2	53,0

Өткен жылы Сыр өңірі алғаш рет күріштің әр гектарынан 49 центнерден жинап, рекордтық өнім алған. Еуразиялық экономикалық одақ аясында экспорттың ауқымын кеңейтуді көздеген шаруашылық иелері тиімді технологияларды пайдалана отырып, өнімділік пен сапаны одан әрі арттыра түспек.

«Абзал және Компания» толық серіктестігі инвестор болып табылатын «Мағжан және К» ЖШС-ның айы бірден оңынан туа қойған жоқ. Мұнан он жыл бұрын бәрі де басқаша болатын. 2003 жылы Н.Илиясов атындағы ауылдың инженерлік жоспарланған жер қорынан «Абзал және К» ТС-не 15 жыл мерзімге 1838 гектар жер жалға берілген. Алғашқы жылы осы алқаптың 650 гектарына күріш егілсе, келесі жылы Сыр маржаны егісінің алқабы 1000 гектарға жеткізіліп, 300 гектарға жоңышқа егілді.

Күріш шаруашылығын жолға қойып, дамыту «Мағжан және К» ЖШС-не жүктеледі.

Аталмыш серіктесік 2009 жылға дейін тек күріш өндірумен айналысып келсе, осы жылдың екінші жартысынан бастап элиталық тұқым шаруашылығы деген мәртебеге ие болады. Өнімнің шығымды болуы – тұқымнан екендігі ғылыми тұрғыда дәлелденген тұжырым. Қазіргі таңда бұл серіктестік сапалы тұқыммен күріш егетін облыс шаруашылықтарын толық қамтамасыз етіп отыр [5,6].

Шаруашылық еңбеккерлері күріш сорттарының барлық түрлері бойынша өнімділікті арттыру және тауарлы күріштің сапасын жақсарту бойынша аянбай еңбек етуде. Осыған орай шаруашылықта соңғы бес жылда күріштің «Янтарь», «Лидер», «Фишт», «Анаит» сорттары жерсіндірілді. Ресейлік «Бальдо», «Османчик», «Виктория», «Диамант», өзбекстандық «Гульжахон», «Ситора», «Истикбол», «Истиклол» күріш сорттары жерсіндірілу сатысында. Мұның барлығы сайып келгенде серіктестіктің Бүкілресейлік күріш ғылыми-зерттеу институтының, Кубань мемлекеттік аграрлық университетінің және Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш ғылыми-зерттеу институтының ғалымдарымен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасауының нәтижесінде мысалы, ресейлік Янтарь, Лидер сорттардың бекітілген көлем бойынша орташа өнімі 1-кестеде көрсетілген. Серіктестік күріш саласындағы оңды істерді үйренуден, оң тәжірибелерді қолдануда. Өз кезегінде ресейлік мамандар да осы серіктестіктің егіс танаптарына келіп-кетіп, өзара тәжірибе алмасуда.

Күріш өсіруден мыңжылдық тәжірибесі бар әлемнің мықты елдерімен іскерлік байланыс орнатып отырған серіктестікте олардың көшіне ілесуге бар мүмкіндіктер жасалып жатыр. Қазіргі кезде серіктестікте қара күріш тазалайтын үш зауыт бар.

Нәтижелерді талқылау. Шаруашылықта қазіргі заманауи үлгіге сәйкес жоғары технологиялы тұқым тазалайтын екі зауыт бар. Күріш, жоңышқа тұқымдарын тазалайтын германиялық зауыттар іске қосылған. Сондай-ақ, соңғы үш жылда сыйымдылығы 9300 тонна болатын 8 күріш қоймасы салынған.

Шаруашылықта озық тәжірибелерді қолданудың нәтижесінде күріштің өнімділігі жыл сайын арта түсуде. Сонымен қатар, егіс көлемі де ұлғайып барады. Мысалы, 2008 жылы шаруашылық бойынша 3300 гектар күріш алқабының әр гектарынан орташа 54 центнерден өнім алынса, 2009 жылы күріш егісінің көлемі 3920 гектарға ұлғайтылып, оның әрбір гектарынан 60,5 центнерден өнім алынған. Ал, 2010 жылы егіс көлемі 4050 гектарды құрап, әрбір гектардан алынған өнім 62 центнерге жеткізілді. Соңғы үш жыл көлемінде күріш алқабы 5 мың гектарға ұлғайтылып, орташа өнімділік 63-65 центнерді құрады. Бұл, сөз жоқ, озық технологияларды өндіріске батыл енгізудің нәтижесі. Күрішті ору, бастыру процестеріне шетелдік технологияларды пайдалану да кеңінен жүргізіліп келеді [7].

Серіктестіктің машина-трактор паркі жыл сайын жаңару үстінде. Биылдың өзінде екі жаңа «John Deere 6770S» комбайны, төрт «John Deere 6770S» тракторы, бір «Mac Don» жатқасы алынған. Осындай шаруашылықтың жаңару, жаңғыру жағдайы биылғы егінді қысқа мерзімде, ысырапсыз жинап алуға жан-жақты мүмкіндік жасамақ.

Қорытынды. Тұқым шаруашылығы жұмыстарының барлық кезеңдеріндегі басты міндет – жоғары кондициялық тұқымдары мо таза сортты материал алу, өндірісте жаңа сорттарды жедел игеру көбейтілетін сорттардың қасиеттері мен белгілерін қолдау болып табылады.

Бастапқы тұқымды көбейтудің жоғары коэффициенті жаңа және тұқымы аз сорттардың өндіріске ендіру мерзімін қысқартады, элита тұқымдарын өндіруге тұқым шаруашылығы жұмыстарындағы тізбектер санын азайтады және сол арқылы тұқымдық егістердің қызыл дәнді формалармен ластану мүмкіндігін азайтады.

Инновациялық күріш сорттарын жедел көбейтуде тұқым шаруашылығының бастапқы тізбектерінде күріш тұқымын өндіріп себу, масақты – көшетті және жүйектеп себу әдістері әзірленген (Қ.Бәкірұлы, Ө.Аймұхамбетов). Жүйектеп жалға себу әдісін қолданғанда себу материалы шығыны 1,7 – 2,8 есе азайды, тұқымның көбею коэффициенті 21,1 – ден (бақылау) 34,4 – 54,4 – ке дейін көбейді (тәжірибе нұсқалары).

Тұқым шаруашылығының алғашқы тізбектерін көбейтудің мақсаты – көшеттеу және тұқымды өндіріп себу әдістерінің күріштің элиталық тұқым шаруашылығының нәтижелілігі мен тұрақтылығының жоғарылауына ықпал жасайтыны анықталды.

«Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми – зерттеу институты» ғалымдарының жүргізген зерттеулері негізінде аудандастырылған күріш сорттарын жаңартудың ғылыми негізделген мерзімдері өндіріске ұсынылып, мамандандырылған тұқым өсіруші шаруашылықтарда күріштің жоғары репродукциялы тұқымдарын өсірудің тиімділігі жоғары тұқымшаруашылық және агротехнологиялық тәсілдері жасалынды [8].

Қазіргі таңда өңірде күріш өсіруге облыс басшысы тарапынан қолдау айтарлықтай болып отыр. Субсидия көлемі 18 мың теңгеден 25 мың теңгеге дейін көтерілді. Күріш консорциумы құрылып, Сыр елінің басты дақылының бағасын өз дәрежесінде ұстауға жұмыс жасалуда. Бұл біздің диқан қауымына үлкен күш-жігер береді.

Сонымен қатар, ел аузында жүрген «Абзал и К» толық серіктестігі мен «Мағжан и К» шаруашылықтары ауылды гүлдендіріп, ел-халықтың әлеуетін көтеріп қана қоймай, ауқымды шаруаны ғылыми тұрғыдан жетілдіріп, зерттеп, маман-кадр дайындау ісіне ден қойды. Өз өнімдерін экспорттауға келгенде, олардың өнімдерін Ресей, Иран, Әзірбайжан тәрізді мемлекеттер сатып алуға ниеттеніп отыр екен.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Елешев Р.Е. Состояние и приоритеты почвенно-агрохимических исследований в рисоводстве Казахстана // Научно-инновационные основы развития рисоводства в Казахстане и странах зарубежья: матер. междунар. научно-прак. конф. – Кызылорда: Ақмешіт Баспа үйі, 2012. – С.23.
2. Умирзаков С.И. Инновационный путь развития рисоводства Казахстана: проблемы и перспективы // Научно-инновационные основы развития рисоводства в Казахстане и странах зарубежья: матер. междунар. науч-прак. конф. - Кызылорда: Ақмешіт Баспа үйі, 2012. - С.17.
3. Жайлыбай К.Н., Медеуова Г.Ж., Жайлыбаева Г.К. Фактор-жағдайлар және фактор-ресурстар, олардың организмдерге әсері // Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы. - 2017. - №2. – Б.20-24.
4. Коваленко В.И., Дуденко В.П. Культура риса в Казахстане. - Алма-ата: Кайнар, 2014. – С19.
5. Алешин Е.П., Алешин Н.Е. Рис.- М.: Колос, 2013. - 504 с
6. Жайлыбай К.Н. Фотосинтетическое и агроэкологические основы высокой урожайности риса. - Алматы: Бастау, 2001. – 186 с.
7. Әлімбетов К.Ә., Верацагин Г.А., Жайлыбай К.Н. Сыр өңіріндегі күріш шаруашылығының қалыптасып дамуы, проблемалары және жоғары өнім алу жолдары. - Алматы: Кайнар, 2014. - 186 с.
8. Жайлыбай К.Н. Қазақстанда күріш егіншілігінің пайда болуы, дамуы және қазіргі жағдайы // Жаршы. - 1998. - № 8. – Б. 173-177

РЕЗЮМЕ

Рис, ранее популярный в азиатских странах и хорошо известен в России. Рис (*Oryza*) – одно- или многолетнее растение, которое принадлежит к семейству злаковые (*Poaceae*). В 2000-3000 гг. до нашей эры рис выращивали вручную.

Выращивание риса в Казахстане тесно связано с Великим шелковым путем. Отрар был крупнейшим торговым и культурным центром в казахских степях где в то время проходил Великий шелковый путь. В целом область по выращиванию посевного риса (*O.sativa*), которая является наиболее важной пищевой продукцией в Казахстане. Описание риса, выращиваемого на казахской земле: высота 60-150 сантиметров, годичное, корень мочковатая до 70-80 сантиметров, где развивается воздушная ткань - аэрохирургия, меж-реберная полость верхней оболочки, паренхиматозная ткань в нижних суставах. Вегетационный период составляет 90-130 дней, в зависимости от типа вегетации риса, который требует тепла и воды.

К 2020 году 50% риса, будут составлять семенами Казахского научно-исследовательского института риса выращенного в Кызылординской области. В данное время используются сорта риса «Лидер», «Янтарь» и «Титан», являющиеся российскими.

RESUME

Rice has long been used as a universal dish that helps eliminate the body's sludge and eliminate excess weight. The rice, which was previously popular in Asian countries, is now well-known in Russia.

Rice (*Oryza*) is a single or perennial plant that belongs to the seed. In the years 2000-3000, rice was also hand-made.

Early in Kazakhstan, the rice cultivation of the Cheese is closely linked to the Great Silk Road. At that time, the largest trade and cultural center in the Kazakh steppes, Otrar, was the Great Silk Road.

In general, Kazakhstan is the most populous growing crop of rice (*O.sativa*), which is considered to be the most important food crops: the rivers of Syrdarya, Ili, Karatal, Kyzylorda, South Kazakhstan and Almaty regions. Rice description in the Kazakh land: height 60-150 centimeters, one-year, rootstock up to 70-80 centimeters, where airborne tissue develops - aerinechyme, upper hull intercostal cavity, parenchymal tissue within the lower joints.

The vegetation period is 90-130 days, depending on the type of vaccine rice that requires heat and water.

By 2020 we will be able to seed 50% of the rice cultivated in Kyzylorda region with the seeds of the Kazakh Rice Research Institute. He is now focusing on «Leader», «Amber», and «Titan». They are all varieties of Russia.

УДК 633.11.631.52

Шектыбаева Г.Х., заведующая отделом селекции и первичного семеноводства, кандидат сельскохозяйственных наук

Макарова Г.С., научный сотрудник

Лиманская В.Б., заместитель директора по науке, кандидат сельскохозяйственных наук

ТОО «Уральская сельскохозяйственная опытная станция», г. Уральск, Республика Казахстан

ПЕРВИЧНОЕ СЕМЕНОВОДСТВО ЯРОВОЙ ПШЕНИЦЫ И ЯЧМЕНЯ НА ТОО «УРАЛЬСКАЯ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННАЯ ОПЫТНАЯ СТАНЦИЯ»

Аннотация

В данной статье приведены результаты производства оригинальных семян яровой пшеницы и ячменя. Сельское хозяйство Западно-Казахстанской области развивается при часто повторяющихся засухах и характеризуется большими колебаниями урожаев высеваемых здесь культур. В этих условиях очень важно не только не допустить снижение уровня показателей по сбору валового производства продукции, но и сохранить устойчивость семеноводства, без которого невозможно дальнейшее обеспечение стабильности растениеводческой отрасли.

Производством оригинальных семян, а также семян элиты зерновых культур занимается ТОО «Уральская сельскохозяйственная опытная станция», которая реализует семена аттестованным семеноводческим хозяйствам. В статье дана методика проведения семеноводческой работы и приведены результаты выполнения плана получения кондиционных семян в питомнике размножения 1 года яровой пшеницы и ячменя за 2016-2017 гг. В настоящее время на Уральской сельскохозяйственной опытной станции в отделе селекции и первичного семеноводства продолжается работа по первичному семеноводству новых и допущенных к использованию сортов яровой пшеницы и ячменя отечественной селекции для ускоренного внедрения их в производство.

Ключевые слова: сорт, яровая пшеница, ячмень, элитный колос, питомники испытания потомств, питомник размножения, отбор, апробация, урожайность, кондиционные семена, сортовая чистота.